SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№06 (9079)

СЕНБІ

21 қаңтар, 2023 жыл

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 26 қаңтар сағат 10.00-де Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 26 қаңтар сағат 11.30-да Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 26 қаңтар сағат 15.00-де Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 26 қаңтар сағат 16.30-да Абай атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Қыземшек кентінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 27 қаңтар сағат 11.00-де Қыземшек кентінің Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 27 қаңтар сағат 12.30-да Қыземшек кентінің Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 27 қаңтар сағат 15.00-де С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 27 қаңтар сағат 16.30-да С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде өтеді деп жоспарлануда.



Президент БАӘ Премьер-министрінің орынбасарымен кездесті

Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Премьер-министрінің орынбасары шейх Мансұр бен Заид Әл Нахаянмен кездесті, деп хабарлайды Egemen.kz.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид әл Нахаянмен бүгінгі келіссөзінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мәселелері талқыланды.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңызды екені атап өтілді.

Сондай-ақ экономиканың түрлі саласындағы бірлескен бастамалар мен жобаларды жүзеге асыру жұмысын жандандыру қажет екеніне назар аударылды.

«Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында 3,5 мың ауыл толық жаңғыртылады

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту арқасында ауылдағы өмір сүру сапасын жақсарту бойынша «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру барысы қаралды.

3,7 мыңнан астам жоба іске асырылды

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, 2023 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша республикада 6 293 ауылдық елді мекен бар, онда 7,8 млн-ға жуық адам тұрады. «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру үшін елдегі ауылдардың жалпы санынан даму әлеуеті жоғары, ауыл тұрғындарының 90%-ы тұратын 3,5 мың ауылдық мекен іріктеліп алынды.

Министрдің сөзіне қарағанда, бұл ауылдарды дамыту бойынша жұмыс 2019 жылдан бастап «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде жоспарлы түрде басым тәртіппен жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – инфрақұрылымды жаңғырту есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдарды өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлеріне жеткізу.

Бұл үшін 2019-2022 жылдары республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мың жоба іске асырылды. Атап айтқанда, 334 тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысаны, 1,2 мың әлеуметтік инфрақұрылым нысаны және 2,2 мың көлік инфрақұрылымы нысанын жаңадан салуға және жөндеуге мүмкіндік берді, шамамен 30 мың жұмыс орны құрылды.

«2022 жылы 577 ауылдық елді мекенде 1 мыңнан астам жобаны іске асыруға 128 млрд теңге бөлінді. Осы жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша облыс әкімдіктері бөлінген қаражаттың 94%-ын игерген», деді Ә.Қуантыров.

Қаражаттың жоғары игерілуі Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарында байқалды. Сонымен қатар қаражаттың ең төмен игерілуі Ұлытау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелді.

Ұлттық экономика министрі өңірлерде құрылыс және жөндеу жұмыстарын талап ететін бірқатар мысалды көрсетті. Оның мәлімдеуінше, нысандардың басым бөлігі – әлеуметтік салада. Аталған мәселелерді шешу үшін облыс әкімдіктерімен бірлесіп, жобалардың тізімі қалыптастырылды.

Алдағы уақытта республикалық бюджетті нақтылау барысында тиісті өтінім ұсынылады. Соның ішінде жаңадан құрылған Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарына ерекше көңіл бөлу қарастырылған. Министрлік жыл сайын ауылдардың өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізеді. «Өңірлік стандарттар жүйесінің мақсаты – ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту және қолдау арқылы ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыруға жағдай жасау», деді Ә.Қуантыров.

Жобаның өткен жылдарда іске асырылуы нәтижесінде өңірлердің көрсеткіштері стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес жоғарылады. Мәселен, орташа қамтамасыз ету 2021 жылы 64,1%-ды құрады, бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда, 9,3%-дық пунктке жоғары.

2023 жылы министрлік облыс әкімдіктерімен бірлесіп, 736 ауылдық елді мекенде 143 млрд теңге сомасына 1,5 мың жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Оның ішінде 102 млрд теңгесі жалпы сипаттағы трансферттерде есептеліп, жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына берілді. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы 119 жобаны, әлеуметтік инфрақұрылымның 275 жобасын, оның ішінде 91 білім беру, 45 денсаулық сақтау, 139 мәдениет және спорт саласындағы жобаларды іске асыруға және ауыл ішіндегі жолдарды жақсартуға бағытталған 1,1 мың жобаны орындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта сапалық көрсеткіштерді енгізуді ескере отырып, өңірлік стандарттар жүйесінің жаңа форматы әзірленді. Өңірлік стандарттар жүйесінің жаңа форматына әкімшілік-аумақтық бірліктердің мәртебесін қосуды ескере отырып, цифрлы көрсеткішпен бірге сапалық сипаттама жүйесін енгізу арқылы интегралдық бағалау енгізілді. Сонымен қатар 12 бағыт бойынша санаттау және бағыттар бойынша қамтамасыз етуді есептеу көзделген.

Бұдан басқа, министрлік өңірлік стандарттар жүйесінің әлеуметтік объектілермен және қызметтермен қамтамасыз етілу көрсеткішін ескере отырып, жалпы сипаттағы трансферттің шамасын айқындау қағидаларын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізуде.

(Жалғасы 2-бетте).

«Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында 3,5 мың ауыл толық жаңғыртылады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен қатар Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес қазіргі уақытта Ұлттық экономика министрлігі «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының» жобасын әзірледі.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты–институционалдық қамтамасыз етуді ілгерілету арқылы ауылдық аумақтарды дамыту тәсілдерінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ ауыл халқының өмір сүру сапасын жоғарылату және жайлы өмір сүру ортасын құру. «Жалпы тұжырымдама мынадай тәсілдерден тұрады: ауылдың институционалдық дамуын қамтамасыз ету, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын қарқынды дамыту. Сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін, кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы ауыл халқының табыс деңгейін арттыру көзделген», деді Ә.Қуантыров.

Оның айтуынша, «Ауыл–ел бесігі» жобасын іске асыру–Ұлттық экономика министрлігінің тұрақты бақылауында.

Өңірлер бойынша «Ауыл– ел бесігі» жобасын іске асыру туралы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы және Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев баяндады.

Мәселені қорытындылаған Премьер-министр 2027 жылға қарай әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдың бәрін Өңірлік стандарттар жүйесіне сай дамыту жоспарланып отырғанын атап өтті. «Оған сәйкес ауылдарда сапалы жолдар мен мәдениет, спорт және денсаулық сақтау нысандары, мектептер міндетті түрде болуға тиіс, сондай-ақ ауыл инфрақұрылымын дамытуға баса мән беріледі. Біздің басты мақсатымыз – ауылдағы өмір сапасын жақсарту. Қазірдің өзінде нақты нәтижелер бар», деді Ә.Смайылов.

Үкімет басшысы Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарында жобаларды пайдалануға беру қарқыны жақсы екенін атап өтті. Бұл орайда Ұлытау және Батыс Қазақстан облыстары осы көрсеткіш бойынша артта қалып отыр. «Аталған өңірлердің әкімдері бұған ерекше назар аударуы қажет. Сонымен қатар іске асыру мерзімдері бойынша артта қалуға жол бермеу керек», деді Ә.Смайылов.

Премьер-министр барлық жоспарды жүзеге асыру 40 мыңға жуық жұмыс орнын құруға мүмкіндік беріп, ауылдық аумақтарды дамытуға жаңа серпін беретінін айтты. «2027 жылға қарай ауылдық елді мекендерде судың сапасы мен жолдардың жағдайы жақсарады, инженерлік желілер жөнделіп, әлеуметтік, мәдениет және спорт нысандары салынады», деді Ә.Смайылов.

Сөз соңында Үкімет басшысы Ұлттық экономика министрлігі Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеу барысында болашағы бар ауылдарды айқындау әдістерін өзектендіріп, Өңірлік стандарттар жүйесін жетілдіру жөніндегі жаңа тәсілдерді ескеруі қажет екенін атап өтті.

Жайылымдық жерлердің қолжетімділігі өзекті

Үкімет отырысында қазақстандықтарды жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету шаралары талқыланды.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің хабарлауынша, бүгінгі таңда жайылымдық жерлер 183,4 млн гектарды құрайды, оның ішінде 82,4 млн гектары – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, 63,9 млн гектары – босалқы жерлер, 21,2 млн гектары – елді мекендерге іргелес жерлер, 15,9 млн гектары – басқа санаттағы жерлер (орман қоры, ерекше қорғалатын табиғат аумағы, өнеркәсіп жерлері).

Министрдің айтуынша, 15 өңірде, әсіресе Түркістан, Қызылорда, Алматы және Атырау облыстарында жеке қосалқы шаруашылықтарда мал жаю үшін жайылымдардың тапшылығы байқалады. Атап айтқанда, бұл ауыл шаруашылығы жануарлары санының айтарлықтай өсуіне байланысты. Кейінгі 10 жылда тек ірі қара мал басы 7,7%-ға өсті, кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш 16%-ды құрайды.

Былтыр мемлекетке 5,2 млн гектар пайдаланылмаған және заңнаманы бұза отырып берілген ауыл шаруашылығы жерлері қайтарылды. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 10 есе көп (0,4 млн га). 2022 жылы тиісті шаралар қабылданғаннан кейін жер пайдаланушылар 1,85 млн гектар алаңда өздерінің ауыл шаруашылығы жерлерін игеруге кірісті.

Биыл 16 қаңтарда елімізде мемлекетке қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерінің интерактивті картасы jerkarta.gharysh.kz геосервисі іске қосылды. Бұл азаматтардың ауыл шаруашылығы жерлеріне құқық беру туралы жергілікті атқарушы органдарға өтініш берулеріне бағдар және жылдар бойы пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тартуға негіз болады.

Сонымен қатар интерактивті картаны енгізу айтарлықтай дәрежеде әлеуметтік әсер береді, жер учаскелеріне қатысты алаяқтық үдерістерді азайтады және пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару бойынша мемлекеттік аппараттың жүргізіп жатқан жұмысына халықтың бағасын алуға оң әсер етеді деп күтілуде.

«Жергілікті халықты жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету мәселесін шешу мақсатында кешенді шаралар қабылдау қажет. Бүгінгі таңда жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерге деген немқұрайлықтарынан эрозияға ұшыраған және эрозиялық-қауіпті ауыл шаруашылығы жерлерінің алаңы 90 млн гектардан асады, оның 29,3 млн гектары іс жүзінде эрозияға ұшыраған және одан әрі пайдалануға жарамсыз. Осыған байланысты, жергілікті атқарушы және уәкілетті органдармен бірлесіп жердің одан әрі тозуын болдырмау, әсіресе елді мекендердің маңындағы жемшөп алқаптарын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізілуде», деді Е.Қарашөкеев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 2022 жылдан бастап 205,4 млн гектар алаңда ауыл шаруашылығы жерлерін цифрландыру жүргізілді. Бұл республиканың 272,5 млн гектар аумағының 75%-ын құрады. Цифрлық ауыл шаруашылығы картасы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрін қамтиды, контурлар, жол желісі, гидрография, инфрақұрылым нысандары туралы мәліметтермен толтырылып, жергілікті халықтың жайылымдарға байланысты мәселелерін шешу үшін жерлердің жемшөп сыйымдылығы туралы ақпаратты қамтитын болады.

«Қажетті ақпарат көлемі бар цифрлық ауыл шаруашылығы картасы 2024 жылдың соңында аяқталады және ауыл шаруашылығы жерлерін одан әрі қайта бөлуге мониторинг жүргізу үшін негіз болады», деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Тақырып бойынша Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев пен Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев баяндама жасады.

Премьер-министр жайылымдық жерлермен қамтамасыз етпейінше, мал шаруашылығын толық дамыту мүмкін емес екенін атап өтті. Бұл–еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар аса маңызды мәселе.

«Осыған байланысты, заңсыз берілген, бос жатқан жерлерді қайтарып алу жөніндегі арнайы Комиссия былтырғы сәуір айынан бері жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде, өткен жылы мемлекет пайдасына 5,2 млн гектар жер қайтарып алынды. Оның ішінде 4,8 млн гектары – жайылымдық жерлер», деді Ә.Смайылов.

Бұған Мемлекет басшысының Агроөнеркәсіп саласындағы микро және шағын бизнес субъектілеріне қатысты тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін Жарлығы ерекше серпін берді.

«Осы жылы тағы 5 млн гектар жерді қайтарып алу жоспарлануда. Бұл орайда елді мекендердің маңында орналасқан ауыл шаруашылығы құрылымдарының жерлерін қайтарып алу маңызды. Оларды қоғамдық пайдалануға немесе жеке қосалқы шаруашылық кооперативтеріне беру қажет. Қолданыстағы заң бұған мүмкіндік береді», деді Премьер-министр.

Сонымен қатар Ә.Смайылов жайылым жерлерді ауылдан сырт жаққа көшіріп, отарлық мал шаруашылығын дамыту және шалғайдағы жерлерді сумен қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті. «Жер қоры шектеулі аудандарда әкімдіктер жеке қожалықтарды кооперативтерге біріктіріп, малды қолда ұстау мәселесін пысықтауға тиіс. Жалпы, өңір әкімдері жайылым мәселесін, оның ішінде қайтарылған жерлерді бөлуді ерекше бақылауда ұстауы қажет», деді ол.

Сөзін қорытындылай келе, Премьер-министр ғарыштық мониторингті қолдана отырып, бос жатқан және мақсатсыз пайдаланылған жерлердің баржоғына бағалау жүргізу керек екенін айтты. Ол үшін жерді ұтымды пайдалану мониторингінің «JerInSpectr» платформасын енгізу жұмыстарын, сондай-ақ жерді пайдалану үдерістеріне бақылауды күшейту қажет.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Апта басында аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, аппарат қызметкерлері, ауыл округі әкімдері, бөлім басшылары мен тиісті мекеме басшылары қатысты.

Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуының 2022 жылғы қорытындылары және 2023 жылға арналған жоспары жайында аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков баяндады.

Сонымен қатар, жиында әр сала бойынша өткен жылдың қорытындысымен декомпозициясының орындалу нәтижесі және осы жылға бекітілген жоспарлары жан-жақты талқыланды. Аудан басшысы тиісті бөлім басшылары мен ауыл, кент округ әкімдеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

* * *

3 қаңтар күні орын алған қатты дауыл мен қар аралас жауын салдарынан, ауданда бірқатар ауыл округтерде электр бағаналары құлап, тұрғындар жарықсыз қалып, табиғат апаты орын алған болатын. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков табиғат апатының зардаптарын жою мақсатында нақты тапсырмалар жүктеп, аудан аумағындағы құлаған электр бағаналары толықтай қалпына келтіріліп, жүйелі жұмыстар жасалды.

Аудан аумағындағы құлаған электр бағаналары толық қалпына келтірілді

Аудан аумағында қар аралас жауын мен қатты дауыл салдарынан тау бөктеріндегі ауыл округтері мен елді мекендерде электр бағаналары жартылай құлап, сымдары үзілгендігі туралы жиі-жиі аудан жұртшылығын құлақтандырып отырдық. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков шұғыл түрде зардап шеккен ауыл округтер мен елді мекендерді аралап, боран салдарын жою, электр желісін қалпына келтіру үшін әр ауыл округ бойынша жауапты етіп тиісті бөлім, мекеме басшыларын бекітіп, арнайы тапсырмалар жүктеді.

-"Оңтүстік Жарық Транзит" ЖШС тарапынан өзге аудан, қалалардан арнайы бригадалар мен аудан әкімдігі қызметкерлері күшейтілген жұмыс тәртібіне көшіп, уақытпен санаспай жұмыс атқара білді. Сонымен қатар, аудан аумағындағы өндіріс орындары мен «Торлан Строй» ЖШС арнайы техникалармен көмек берсе, бірқатар елді мекен тұрғындары арасынан ел ағалары мен ерікті жастар аталған жұмысқа ұйымшылдықпен жұмыла білді.

Бүгінгі таңда күшейтілген жұмыстар нәтижесінде, ауданның барлық елді мекендерінде құлаған электр бағаналары толықтай қалпына келтіріліп, электр жарығы берілді.

Осы орайда аудан тұрғындарына түсіністік пен сабырлық танытқаны үшін алғысымызды білдіреміз!,-дейді аудан басшысы.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.

Қандауырмен қош айтысып, қарттықпенен қауышқан жан!

Осыдан шамамен екі ай бұрын редакциямызға жеке жұмыстарымен бас сұққан ауданымыздың құрметті азаматы, қадірлі қариясы Бүркіт Арынбеков: «Асалаумағалейкүм!»- деп, салған жерден сәлем беріп, жауабын алып жатты. Қашанғы асықпайтын әдетімен жағдай сұрасып алған соң, менің жұмыс үстеліме таяп келді де: «Данияржан, сен осы менің «Қош бол, қандауыр!» деп аталатын кітабымды оқыдың ба?»- деп сұрады. Әңгіменің былай өрбітінінен хабарсыз мен біраз абдырап барып: «Жоқ Бүке, оқымаппын»- деп ұяла жауап қайырдым. Бәлкім, оқымағанымды сол алғаш абдырағанымнан- ақ сезіп қойса керек, қағылез қарт менің жауабымды есітер- есітпес: «Саған екі ай уақыт беремін, оқы! Екі айдан соң аудандық газеттен пікіріңді оқитын болайын. Маған сенің пікірің маңызды. Мүмкін болса, соңғы шыққанын оқы!»- деді дағы редакцияға келгендегі жұмысын жайғап жүре берді.

Әрине, ауданымыздан шығып кітап жаздым деген әрбір азаматтың қолжазбасын оқуға міндетті емес екенімді білсем де, өзімді Бүркіт қарияның алдында қарыздар адамдай сезіндім де қалдым. Содан, уәде берген соң әрине орындау керек, жалма- жан орталық кітапхананың меншігіндегі «Қош бол, Қандауыр!» кітабының соңғы нұсқасын тауып алып, оқуды бастап кеп бердім. Бұған дейін де ауданымызға танымал бірқатар азаматтардың осы тақылеттес кітаптарын оқыған соң ба, әйтеуір бұл кітаптың да бас жағы маған таныс боп көрінді. Сол, кеңестік кезең, қиын балалық шақ, жалынды жасөспірімдік және жастық өмір. Не керек, кітаптағы студенттік кезеңге келіп қалғанда бір үзіліс жасап алуды ұйғардым. Бірақ «Құланның қашуына, мылтықтың басуы» деп, сол тұста ауыл әкімінің есебінде Бүркіт қария екеуіміздің жолымыз тағы да тоқайласып қалмасы бар ма. Амандық- саулық үстінде: «Неғылдың Данияржан, оқып шықтың ба?»- деп сұрап үлгерді. Мен де әлі уақытым барын қаперімде ұстасам керек асып- саспастан: «Иә, бастадым Бүке, бірақ аяқтамадым. Өзіңіз екі ай уақыт берген жоқ па едіңіз?»- деп құтылдым. Ол кісі де әдеттегісінше миығынан мырс етіп күліп алды да басын изеп, екі көзін қатар жұмып келіскендігін білдірді. Бәлкім Бүкеңнің уәжге тұратын мәрт буынның адамы екенін малдансам керек. Алайда, әріқарай созып жүре беруге болмайтынын іштей сезіндім. Сонымен, үйге келе сала «Қош бол, Қандауыр» кітабын қолыма алып, бір деммен аяқтап тастауға бекіндім. Жалпы, мен ес білгелі естіп, көріп- біліп жүрген өмірі болған соң ба, кітаптың жалғасында айтылар ой маған аса таңсық емес еді. Сол себепті ма екен, әйтеуір кітаптың соңын оқып отырып бұдан былайғы жерде әр оқиғаның қалай өрбуі тиіс екендігі жайлы іштей топшылап отырдым. Тура бір кітапты Бүркіт қария емес, өзім жазғандай сезіндім өзімді. Негізінен, Бүкеңнің бұған дейінгі өмірі (балалығы мен жастық шағы, студенттік әрі әскери өмірі) ол кісінің отбасына, ағайынтуысы мен дос- жарандарына, қала берді көрші- қолаңдары мен әріптестеріне қызық болуы мүмкін. Ал енді былайғы жұртқа Бүкеңнің дәрігерлік өмірі, қолынан қандауыры түспеген қартайып, зейнеткерлікке шыққанға дейінгі кәсіби ғұмыры аса қызықты. Олай дейтінім, кейіпкерім Бүркіт Арынбекұлын «Бүкең», Созақ ауданының Құрметті азаматы, ауылымыздың арда ақсақалы еткен нақ осы дәрігерлігі. Әрине, ауданымызда Бүкеңе дейін де небір мықты дәрігер болды. Олар жайында «Қош бол, қандауыр!» кітабында кейіпкерімнің өзі де сондай бір сағынышпен, қимас құрметпен еске алады. Дегенмен, Бүкеңнің мен өкілі болып табылатын орта буын мен алдын жасаған аға буын ұрпақтың жадында алар орыны ерекше еді. Тіпті, Созақмедицинасы сөз болған жерде бұл екі буын ұрпақтың көз алдына ең әуелі қолында қандауыры, теріскейдің тәп- тәуірі елестеп, тіліне есімі оралары хақ. Әлбетте, қырық жылдан астам уақыт қандауырын қолынан түсірмегендегі кейіпкерімнің мақсаты елге танылып, атын шығару емес еді. Керісінше, әуелі өзіне сенім артқан жақындарының, әсіресе ағасы Шора қарияның үмітін ақтап, білімді де білікті әрі кәсіби дәрігер болу еді бар арманы. Сөйтіп, Арынбековтер әулетінен алғаш жоғарғы оқу орнына түсіп, жақсыға бітіріп шығып, артынан ерген інікарындастарына, ұл- қыздары мен немере- шөберелеріне бағыт-бағдар беретін бағдаршам болу еді бар ниеті. Алайда, аппақ арманы Арынбековты аңсағанынан алыстарға апарды. Ол, Арынбековтер әулетінің немесе Құмкенттіктердің ғана Бүркіті боп қалмады. Керісінше, Қазақ медицинасының майталманы, Теріскейдің талантты тұлғасы боп қалыптасты. «Қош бол, Қандауыр!» кітабын оқыған оқырманы, Бүкеңмен бірге жасасқан бұқарасы ол кісінің кәсіби жетістіктеріне, елінің, ерінің жанына талай рет арашашы болғанына куә. Сол үшін де елу жылға жуық елі үшін еткен еңбегін елеп, Созақтың саңлақтарына ғана берілуі тиіс, теріскейдің «Құрметті азаматы» деген ең жоғарғы атақты Арынбектің арда ұлына лайық көріп, беріп отыр. Десек- те, мен бүгін Бүкеңнің білікті дәрігерлігіне қоса, бейнетінің зейнетін көретін зейнеткерлік шағы жайлы да сөз еткім кеп отыр. Себебі, біздің қоғамда зейнеткерлікке шыққан әр қария әрі қарайғы өмірін әрқилы өрбітеді. Мысалға, бір қариялар өмір бойы басшылық қызметтерде жүреді дағы, зейнеткерлікке шыққан соң бірден өзін қоғамнан оқшаулап, қорасындағы малына қарап, немерелерінің тәрбиесімен айналысуды өзіне мақсат етіп қояды. Енді бір қариялар зейнеткерлікке шықса да өзінің өмірін қоғамнан бөліп қарай алмайды, сөйтіп, түрлі қоғамдық жұмыстарды атқарып, биліктің маңында жүреді. Осы тұрғыдан алғанда Бүркіт Арғынбекұлын кейінгі топ қариялардың қатарына жатқызуға болатын шығар. Дегенмен, бұл топ қариялардың өзін екіге бөліп қарастырған жөн деп ойлаймын. Біреулері балаларының немесе немерелерінің биліктің маңында жүрулері үшін я биліктің шотын шауып, я шантаж жасап жүреді. Ал, Бүкеңді бұл топқа жатқызуға келмейді. Олай дейтінім, осы күнге дейін ол кісінің өзінің ауданымыздың Құрметті Азаматы, Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты Ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметтерін пайдаланып, балаларын немесе немерелерін қызметке тықпалап, соларды крышавать етіп жүргенін көрмеппін. Керісінше, түрлі жиындарда қоғамдағы түйткілді дүниелерді қозғап, билік иелерінің сол мәселеге көңіл бөлулеріне және оң шешімін табуына мейлінше ықпал етіп жүреді. Сосын, қандай жиында болмасын сөз алып, бата берер болса, үнемі еліміздің аман, жұртымыздың тыныш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болғанын Тәңірден тілеп жүреді. Тағы да Бүркіт Арынбекұлының қарттығының мына қыры ұнайды маған. Әрдайым өне бойын өсектен, өтірік пен құр мақтаннан аулақ ұстап жүреді. Сонымен қатар, соңғы уақыттарда атабабамыздан мұра болып жатқан хақ дініміз Исламды практикалық тұрғыдан ұстанып, бес уақыт намазы мен оразасын уақытылы оқып, үзбей ұстап жүреді. Сондай- ақ, мейлі мешіттерде болсын, мейлі зиялы қауым бас қосқан жерлерде болсын қазыналы қартқа лайық сөздер сөйлеп, үнемі ел идеологиясын насихаттап отырады. Кейіпкерімнің тағы бір артықшылығы өзімен замандас басқа да қариялар секілді өзінің өмірі мен жүріп өткен еңбек жолынан келер ұрпаққа үлгі-өнеге болар дүниелер жазып, ертеңгі ұрпақтың тәрбиесіне де үлес қосып жүреді. Ең бастысы, қайсыбір қазымыр қарияларға ұқсап, саясатқа араласып, бұқара мен биліктің арасына өсек айтып, қоғамның бірлігін бұзатын тірлікке бармайды. Әрине, мұны мен Бүркіт Арынбекұлының әкесі мен өзіне үнемі үлгі еткен Шора қария секілді ағаларынан алған тәрбиесі мен көркем мінез-құлқының жемісі деп білемін. Ә, айтқандай! Бүкең мың жерден «Қош бол, Қандауыр!»- деп кітап жазып, дәрігерлік кәсібін доғарып, бүгінге дейінгі бейнетінің зейнетін көруге кеттім десе де, Созақ қоғамы, жерлес пациенттері мен әріптестері ол кісінің түбегейлі қандауырдан қол үзіп кетуге мұрша бермеуде деп те естідім. Демек, Бүкең қанша жерден қандауырдан кетсе де қандауыр ол кісінің кетуіне мүмкіндік бермей тұр ғой деймін. Осы ретте кейіпкерім Бүркіт Арынбекұлына өзімнің, оқырмандарымның атынан: «Бүке, бір замандар Созақ қоғамына қандауырыңызбен қалтқысыз қызмет етіп, Нар болдыңыз! Бұдан былайғы жерде де бар болыңыз, қоғам қажет етіп жатса, денсаулығыңыз көтерсе, әлі де арада қандауырыңызды қолға алып, отаңыз бен батаңызды жасап, қауымыңыздың құрметіне бөленіп жүре беріңіз!-деген нотада бүгінгі мақалама соң бергім кеп отыр.

Данияр БЕК.

Сағыныш екен бала кез

Шіркін, балалық шаққа не жетеді!

Сол кездер естен кетпейді. Көңіл ерекше толқып, жүректі сағыныш сезімі кернейді. Өткен кезеңдердің қызықты сәттері әлі күнге дейін көз алдымда. Уақыт өткен сайын сол жылдар еске түсіп, жүректі ерекше толқытады.

Бала күндерім табиғаты көркем, суы шипалы Қызылкөлдің жағасында өтті. Сол кездерде көлге құятын Үшбас өзенінің суы да мол болатын. Көктем айларында көлдің суы арнасынан асып, Жыңғылды өзектегі асфальт жолға жетіп жататын. Міне, осы сәттерде қызылкөлдіктер балыққа қарық болатын. Әлгі арнасынан асқан су бір айдың көлемінде тартылып, шағын көлшіктерге айналатын. Көлшіктегі балықтар күнге шағылысып көздің жауын алатын. Ойын қызығына тоймай жүрген балалар күн сайын есекпен, велосипедпен көлге қарай ағылатынбыз. Бізге балық аулаған қызық. Көбінесе балықты қолмен ұстайтынбыз. Үпүлкен сазан балықтар көлшіктерде тулап жататын. Кей күндері үйден шелек алып барып, тастардан ошақ жасап, соған от жағып, балық сорпа жасаушы едік. Далада ішкен сол сорпаның дәмі әлі күнге дейін таңдайдан кетпейді. Көлді айнала ұшқан шағалалар да балыққа қарық болып, айнала ұшып қаңқылдап төңіректі керемет сәнге бөлейтін. Аракідік көлден аққуларды да кездестіріп қалатынбыз. Көлге үйрек қонып, қаз ұшып жататын. Дәл іргесіндегі Қызыл сеңгір де сол уақытта біздерге тым биік болып көрінуші еді. Төбесіне шығып төңірекке қарасаң төмендегі көл алақандағыдай көрінетін. Әрмен іректе Үшбас өзенінің көлге құяр тұсында сарқырама болатын. Таудан екпінмен келген өзен суы сарқырай ағатын. Сондықтан ол жерді ауыл тұрғындары сарқырама деп атайтын. Көктем айында Сарқырамадан да талай мәрте балық аулағанбыз. Сенбі, жексенбі күндері бұл жерден адам қарасы көп көрінетін. Әсіресе Жаңатас қаласынан адамдар мол келетін. Келгендер күнге қыздырынып, өзеннің суына шомылып, балық аулап, әуесқой балықшылар балыққа қарық болып жататын. Көктем айында су мол болатын. Кей кісілер өзенге қармақ салып, қалтқыны қашан балық қабады екен деп қызықтап отыратын.

Балыққа кейде сұранып, кейде үйдегілерге айтпай қашып кететінбіз. Жазғы демалыста көбінесе мен нағашыларымның үйінде жүретінмін. Өйткені менен бір жас үлкен нағашы ағам Сағынтай екеуміздің жұбымыз жазылмайтын. Оған серік болсын деп мені нағашы атам мен әжем жазғы каникулда үйлеріне алып қалатын. Нағашы аталарым шетінен өнерпаз еді. Үйлерінің төрінде гармонь, домбыра, қобыз, мандолин ілулі тұратын. Осы аспаптарда олар керемет ойнайтын. Әр күн сайын кешкілікте малды жайғап, астарын ішіп болғаннан кейін бір-бір аспапты қолдарына алып концерт қоятын. Жаздың жайма шуақ кешінде далада айтылған ән мен күмбірлете шертілген күй бүкіл ауылға жетіп жататын. Сол кездегі адамдардың бауырмашылдығына таң қаламын. Бір-біріне жапсарласа салынған қоржын тамдардың алдындағы сәкіде жаздың күндері бір әулеттің адамдары бір дастархан басында ас ішетін. Әулеттің үлкені-Қойшыбай атамыз. Ол кісі ортаға келген кезде қалған бауырлары орындарынан ұшып тұрып, сәлем беріп, құрақ ұшатын. Атамыздың айтқан сөзі бүкіл әулетке заң. Бір адам ол кісінің алдын кесіп өтпейді. Кей күндері атамыздың көңіл-күйі болмаса көк есегінен түспей, түксиген қабағын ашпаған қалпы есіктің алдынан ойқастап, ары-бері өтіп, қыр көрсететін. Атамыз ашулы екен ғой деп, оған ешкім тіл қатпайтын. Лажы болса мұндай сәттерде ешкім оның көзіне түспеуге тырысатын. Ол кезінде керемет көкпаршы, шабандоз болған кісі екен. Аудан төңірегінде өткен талай көкпарларға қатысып, өзінің мықтылығымен көзге түсіп, танылған. Өмірлік жары Зияш апамыз балажан, кең пейілді, ақжарқын кісі еді. Атамыз екеуі қолдарына бес-он түяқ майда мал ұстайтын. Зияш апамызды біздер «Дәу апа» дейтінбіз. Ол кісінің шын аты Зияш екенін біздер есейген кезде білдік. Екі бөлемелі қоржын тамын Зияш апамыз тап-таза етіп ұстайтын.

Ауласында көлденең шөп жатпайтын. Қашан барсақ та тап-таза болып тұратын. Мал ұстайтын қорасының тазалығына да айрықша мән беретін. Күндіз қораларын тап-тинақтай етіп, сыпырып, тазалап қоятын. Бір құмалақ малдың қиын кездестірумүмкін емес болатын. Ел жатар кезде қойларын далаға шығарып, біраздан кейін қайта қамап жататын. «Апа-ау, мұныңыз не десек», «Е, айналайындар-ай, олар да сыртқа шығып алып жатсын дегенім ғой» дейтін. Сондағысы малдар кіші дәреті мен құмалағын сыртқа тастасын дегені екен ғой. Жарықтық кішкентай қошақандарды айналып-толғанып жүретін еді. Сол малдың сүтінен жасалған айраны мен құрты, ірімшігі өте дәмді болатын. Үйіне бара қалсақ біздерге үлестіріп беріп, балаша қуанатын, жарықтық.

Нағашыларымның үйі біздер үшін яғни жиендерге иранбағы болып көрінетін. Біздің үй ауылдың орта шетіндегі көшеде болатын. Анамыз кейде шаруаларымен төркініне баратын. Кейде асығыс болады да інім екеуімізді үйге тастап кетеді. Содан анамыз үйден біраз ұзады-ау деген кезде топырақты борпылдатып, бауырымды жетектеп, шешемнің ізінен саламын ғой. Анам төркініне барып отыра берген кезде нағашыларымның қоржын тамының бұрышынан інім екеуіміз сығалап тұрамыз. Нағашы атам:-Келіңдер, келіңдер, бұрыштан сығаламай,-деп шақырып алады. Шешем біздерге ала көзбен бір қарайды да төркіндерімен әңгімелесіп отыра береді.

Нағашыларымның бау-бақшаға егілген жеміс ағаштары да керемет салатын. Әсіресе жүзімдері самсап тұратын.Жүзімнің де неше сұрыптары болады екен. Тәп-тәтті, топтомпақ жүзімдер өте дәмді болатын. Сол кезде ауыл тұрғындары қауын-қарбызды да көп егетін. Дәмділігі сонша тәтті қауындар ерінді ойып жіберетін. Әжелеріміз тәтті қауынан қауын құрт, қауын ішек жасайтын. Атам мен әжем қызымыз ауыз тисін деп әлгі қауын-қарбызды қаптап-қаптап біздікіне жөнелтетін. Бала кезде дәмін татқан сол жемістер мен қауын-қарбыздың дәмі әлі күнге дейін таңдайдан кетпейді.

Енді бір қызықты нәрсе сол кездердегі ауыл балаларының асық ойыны мен ләңгі тебу еді. Асықты таңертең таңғы асты ішіп алғаннан кейін бастайтынбыз. Содан үй көрмей кешке дейін асық ойнайтынбыз. Нағашы ағам асық ойнауға өте шебер, бейім еді. Ауылдағы барлық балалар онымен асық ойнаудан қаймығатын. Өйткені ол барлық баланы ұтып алатын. Ол жасаған сақалар да қолға ыңғайлы, бір атқанда бірнеше асықты ұшырып түсіретін. Оның сақаларының көбісі арқардың асығынан жасалатын. Нағашым асықтардың ұяларына қорғасынды әдемі етіп құятын. Ләңгіні де қорғасын құйып, оны терінің кішкентай бөлшегіне бекіту де үлкен шеберлікті қажет ететін. Мұның бәрін нағашым мұқият жасайтын.

Ол жастайынан теміртерсекке үйір болды. Жетінші-сегізінші сыныпта оқып жүрген кезде екеумізге велисипед алып берді. Оныкі-«Урал», менікі «ПВЗ». Нағашым алған күннен бастап көлігін сәндей бастады. Түрлі ою-өрнектер тағып, безендіріп қойды. Түнде жүре беретін жарық та орнатты. Оған қарап мен де велисипедімді сәндеген боламын. Бірақ оныкіндей емес. Сондай-ақ одан кейін бірнеше жыл айдаса да велисипедінен сықыр білінбейтін. Қызылкөлдің майлы топырағында осы тұлпарларымен талай мәрте зырылдаттық емес пе?

Өзіміз қатарлы балалармен талай жарысқанымыз естен кетпейді. Ылғи жарыстың алды болып нағашым келетін.Сағынтай екеуіміз егіз қозыдай болып өстік. Тіпті киген киімдеріміздің өлшемдері де бірдей болатын.

Анам жарықтық автдүкеннен киім алғанда екеуімізге бірдей етіп киім алатын. Кейде сырттай көрген адам екеуің егіз емессіңдер ме деп сұрайтын. Міне сол кездегі адамдардың жүрек тазалығын айтсаңызшы! Қазір бір үйдің балаларының өзі бастары бір қазанға сыймай бір-бірімен арыздасып жатады.

Жазбамның басында нағашы жұртымның бір-бірімен татулығын айттым ғой. Ол кісілер ешқашанда ренжіскен адамдар емес.

Нағашы әжем Сәрсенкүлдің де бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Сол кездерде сексенді алқымдаған ол кісі өте биязы, сыпайы, таза адам еді. Нағашыларымның бау-бақшалары бір-бірімен жалғасып жататын. Сәрсенкүл әжемің бақшасында бір түп сарғалы жыл сайын жақсы салып, мол өнім беретін. Мені көрген сайын:-Сәрсенбек-ау, ана тәтті өріктен ауыз тисей,-деп бәйек болушы еді, жарықтық.

Содан кейін үйіндегі кәкір-шүкір қоятын кепесінде үлкен кебеже болатын. Кебеже неше түрлі кітаптарға толып тұратын. Әжем сол кітаптарды көрсетіп, балам, қалағаныңды ал дейтін. Шетел әдебиетінің аудармаларынан бастап, қазақ қаламгерлерінің шығармалары том-том болып кебежеде тұратын. Менің кітап оқуға құмарлығымды ол кісі байқап жүрсе керек. Сол кезде алған кітаптарымның көбісі өзімнің жеке кітап қорымда сақтаулы. Әжемнің көзіндей мендегі құнды дүние сол.

Нағашыларымның кезінде аңшылықпен айналысқанын айқындайтын қақпандардың неше түрін сол үйде көргенмін. Қасқыр, түлкі, қоян, тышқан қақпандар ұсақ-түйік заттар сақтайтын қоймаларында көптеп жататын. Кейін балалары аңшылықты кәсіп еткен жоқ.

Нағашы әжем Күләйланың Шолаққорғанда тұратын бауыры Ұлы Отан соғысының ардагері, батыр барлаушы Пәрімбек Махановтың баласы Жұмағали Қызылкөлге жиі келетін. Екеуміз түйдей құрдаспыз. Түнімен онымен бірге ханалшы ойнайтын едік. Бұл ойыннан біздер жалықпайтынбыз. –Жатыңдар, жатыңдар, түннің бір уақытысы болды,-деген үлкендердің қайта-қайта ескертуінен кейін зорға жастыққа бас қоятынбыз.

Бір күні кешкісін табан астында, екі кештің ортасында Жұмағалидан айырылдық та қалдық.

Жан-жабыла іздеп ауылды шарлап шықтық. Еш жерде жоқ. Бәріміздің бойымызды үрей биледі. Күләйла әжем ағыл-тегіл жылап жаман ойларға кетеді. Сонымен түннің бір уақытысы болды. Жұмағалимыз жоқ. Ауылды тағы бір мәрте майлы топырағын бұрқырата кешіп, іздеп шықтық. Іздегеніміздің нәтиже болмады. Шаршап, үйге келдік. Түннің жарымы болды. Бәріміздің бойымызды үрей билей бастады. Біреу ұрлап кетті ме екен деп те қоямыз.

Түннің ортасында біреу есік қаққандай болды. Шырт ұйқыда жатқан біздер орнымыздан атып-атып тұрдық. Беймезгіл уақытта есік қаққан кім болды екен деп, Әжем барып ілгекті ағытты. Бұл ауылдағы Байшық деген көкеміз екен. Қасында Жұмағали. Әжем бұлқан-талқан ашуланып Жұмағалиға ұрысып жүр. «Айналайын-ау, қайда жүрсің? Ауылды екі мәрте іздеп шықтық жоқсың. Сенен айырылып қалдық па деп қатты қорықтық,-деп көзінен жас алып Жұмағалиды құшақтап жатыр.

Жұмағали:-Апа-ау, мен ешқайда кетіп қалған жоқпын. Байшық ата біздің туысқанымыз ғой, сол үйде болдым,-деп саспай жауап берді.

Жұмағалидың артистік қабілеті сол бала кезінен бойынан байқалатын. Ауылға келгенде неше түрлі кісілердің іс-қимылын, жүріс-тұрысын, дауыс ырғақтарын аунытпай салып біздерді күлкіге қарқылатын.

Сол Жұмағалидың анасы Дариға апамыз, Пәрімбек нағашымыздың өмірлік жары кең пейілді, дархан көңілді, дастарханда, қонақжай кісі болатын. Үйлерінен қысы-жазы қонақ үзілмейтін. Қашан барсақ та дастарханы кеңінен жаюлы тұратын. Алыс-жақыннан келген туыстар барлық уақытта сол үйден табылатын. Дариға апамның қабақ шытқанын көрген емеспін.

Менің анам Ақшайымды өзінің тұңғыш қызындай жақсы көретін. Оған деген ықыласы ерекше тұғын. Алыстағы мал ауылға нағашымыз Пәрімбек екеуі жиі келетін. Ол кісілер біздікіне келгенде үлкен мереке. Мал сойып, үйдегілер ерекше құрмет көрсететін. Дариға апамыз Ақшайымның балаларына деп судай жаңа сырт киім, аяқ киімдер ала келетін. Біздер жап-жаңа киімдерді киіп, аяқ киімдерді аяғымызға іліп, мәз болатынбыз. Болса да тәттіқұттыларды мол етіп ала келеді. Сол кезде кез-келген баланың қолы жетпейтін киімдерді біздер кидік десек артық айтқандық болмас,сірә. Сондайақ түрлі ойыншықтармен бізді қарық қып тастайтын. Дариға апамыздың бауырмалдығы бала жүрегімізге жылылық нұрын құятын.

Жаз шыға каникуль сайын ұлы Жұмағалиды біздікіне қой ауылға жіберетін. Бала Жұмағали кішкентай кезінен сүйкімді әрі әзілқой еді. Екеуіміз құрдаспыз. Ауыл адамдарының әр алуан мінездерін аунытпай салып, күлкіге қарық ететін.

Жетінші сыныпты бітірген жылы жазда Жұмағалиды Дариға апам қой алуға алып келді. Құрдасым келсе, мен қатты қуанып қаламын. Екеуіміздің әңгімеміз де, ойынымыз да жарасады. Ат пен есекке мініп қой бағамыз. Жұмағали екеуіміз келген күннің ертесіне әкеме:-Әке, ертеңнен бастап Жұмағали екеуіміз сізді демалдырайық деп отырмыз. Қойды біз бағайық,-деп қолқа салдым. Әкем біздің өтінішімізге келісе кетті.

Жаздың жайма шуақ әдемі кезі. Қой ауылымыз Құрсайдың төңірегіндегі Жетітөбе деген жерде отыратын.

Таңертеңгісін әкем Жұмағалиға торытөбел құнанды ерттеп берді де маған ұшқыр көк есекті ерттеді. Таңғы асқа шешем ұйытқан қою қойдың айранынан жұтып-жұтып алдық. Торсыққа айран құйдық. Қоржынға табаға піскен сап-сары нанды да салдық. Осымен жас шопандардың түскі азығы дайын болды. Үйден әудем жер ұзай бере Жұмағали:-Сәрсенбек, бір затты ұмытып кетіппіндеді. –Онда барып кел, мен жүре берейін,-дедім. Ол үйге қарай атының басын бұрды да жорғалата жөнелді. –Не зат болды екен,-деп мен таң қалдым. Сәлден соң Жұмағали желе жортып маған жетіп алды.

-Ау, Жұмка, ол не зат,-дедім. Қағазға мұқият оралған затты аша бастады. Сөйтсем әлгі затысыртқы көрінісі көздің жауын алатын «Ту-154» темекісінің бір блогы екен. Алғашында:-Жұмка бұны не істейсің,-дедім сасқалақтап. –Сәрсенбек, саспа, былай шыға темекіні тартамыз,-деді.

Құрсайдың бойынан әудем жер ұзап шықтық. Әуелгіде топтана жайылған отар біраздан соң бытырай жайыла бастады. Сол кезде Жұмағали аттан түсті де астына ескі плащты төседі де жерге отыра кетті. –Кел, Сәрсенбек, қасыма отыр,-деді. Сөйтті де бағанағы сигареттен бір пашкасын алды да қорабын аша бастады. Бір талын алып әуелі маған ұсынды. Сосын біреуін өзі ашып, қалтасынан сіріңкесін шығарып, тұтата бастады. Бұрынсоңды темекі тартып көрмеген мен бір-екі тартқаннан кейін қақалып-шашала бастадым. Тура «Менің атым-Қожа» кино фильміндегі Қожа сияқты. Жұмағали:-Ішіңе тарт, ішіңе тарт,-деп қояды. Мен темекіні тарта алмай әлекпін. Жұмағали лездеақ екі-үш талын шегіп тастады. Мен басым айналып, өзімді жайсыз сезіне бастадым. Жұмағалиға қарасам ол да әбіржіп отыр екен.

Бір кезде:-Жұмағали, темекі шеккім келмей кетті. Осыны дәл қазірден бастап шекпей-ақ қояйық,-дедім. Дұрыс, мен де солай еткелі отырмын,-деді.

Жұмағали:-Онда қазір осы жерге мына темекілерді жерлейік,-деді. Сөйтіп, ұзын қамшының сабымен жерді қаза бастады. Дайын болды-ау деген кезде:-Кел, Сәрсенбек, қасыма отыр,-деп манағы темекілерді жерге көміп, аузын жыбырлатып, құран оқи бастады.

Біршама уақыттан кейін:-Ал осымен темекі қазаланды,-деді де атына қарай жүрді. Мен де есегіме мініп, қойлардың соңынан ілестім.

Сол күні қойларды кешке дейін жайып, күн бата отарды үйдің қасына иірдік. Ертесіне Жұмағали екеуіміз қой бағуға тағы шықтық. Жұмағали кешегідей емес. Көңілсіз. Біраздан соң:-Жұмка, неге көңілсізсің,-дедім. –Е, Сәрсеке, темекі шеккім келіп кетті,-деді. –Кешегі қой баққан жерімізге барып тауып алайық,-деді. Темекіні табу мүмкін емес еді. Өйткені теп-тегіс дала. Тіпті темекіні жерлеген жерге белгі де қоймаппыз. Жұмағалиға осыны айтқанымды:-Сәке, бопты онда енді темекі шекпейақ қояйық-деді. Сөйтіп бала күндеріміздегі темекі хикаясы осылай аяқталып еді.

Қазіргі күндері Жұмағали екеуіміз кездескенде сол бір балалық шақтағы күндерді еске алып күлісіп аламыз. Жұмағали Маханов нағашым бұл күндері Қазақстанға танымал актер. Балалы-шағалы. Өнер саласында өзіндік орыны бар тұлға.

Шіркін, балалық шақ-ай! Есейген сайын сол бір қызықты күндер еске түсіп, көңілді сағыныш сезімі кернейді. Сағыныш екен бала кез!

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

ҚАРА ТОН

(Әңгіме)

Сонау сексенінші жылдардың басында Алматыдағы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, қысқы семестрді бітіріп, ауылға қайттым. Қызылкөлдегі нағашымның үйіне бір күн қонып, ертесіне қой ауылға тартып кеттім.

Сол кезде шопандар Үшкөкшенің құмында отыратын. Әке -шешем де сағынып қалған екен. Қуана қарсы алып, мәресәре болып қалды. Шешем қысқы соғымнан сақтаған қазы-қарта, жал-жаясын қазанға салып, бәйек болып жүр. Мен келгелі әкемнің қолы ұзарып қалды. Қорадағы арық-тұрық малға қарап, көң ойып, біраз шаруаны атқарып тастадым.

Бір күні кешке жақын апақ-сапақта үйге бір топ қонақ сау ете қалды. Күндіз движоктың майын құйып әзірлеп қойғанмын соны қосып қойдым. Үйдің іші самаладай жап-жарық болды. Келген кісілерге шешем қазан көтеріп ет асты. Бұлар жиналыстан келе жатқан шопандар екен. Жыл қорытындысымен біраздары марапатталыпты. Ішіндегі Қабир деген кісі анамның нағашысы болып шықты. Қабирге ұжым басшылары ерен еңбегі үшін су жаңа қара тон сыйлапты. Соны жиен әкпесіне көрсетуге келіпті. Әкем байғазысы деп бір қой атады. Қонақтар түннің бір уағына дейін отырып тарасты. Көзім ұйқыға кеткенше бағанағы қара тонды ойлаумен болдым. Сол уақытта қалада студенттерге тон кию сәнге айналған еді.

Ертесіне таңғы шайда әңгіменің шетін шығарып, қалада жастардың көбі тон киіп жүргенін жеткіздім. Сосын кешегі нағашымыздың тоны ұнағанын қосып қойдым. Бір кезде әкем: -Кемпір-ау, мына балаңа сол тонды алып берудің амалын жаса,-деді. Анам сәл ойланып отырды да:-Ертең нағашымдікіне тонды қалап барайық,-деді.

Ертесіне ерте тұрсам әкем екі атты ерттеп қойған екен. Шешем екеуіміз қыл құйрықтарға мініп алып жолға шықтық. Жолай Орынбек көкеміздікіне соғып Күлмария апамызды қасымызға қосып алдық. Шоқат-шоқат құмды төбелерді көктей өтіп Қабир нағашымыздың үйін бетке алып келеміз. Анадайдан қой ауылдың төбесі көрінді. Алдымыздан үлкен қазақы төбеттер үріп шықты. Әнеміне дегенше қорасының жанына келіп қалдық.

Қабир көкем ашық-жарқын көңілмен қарсы алып, үйіне қарай бастап жүрді. Есігінің алдында жеңгеміз де күтіп тұр екен. Бізді ертіп ішке кірді. Төрде ілулі тұрған қара тонға бірден көзім түсті.

Жеңгеміз лезде-ақ дастарханды жайнатып жасап тастады. Құрт -май, ірімшік, жент, қаймақ, айран, сүзбе, туралған қазы-қарта, жал-жая самсап тұр. Қазанға әп- сәтте қыстық соғымнан ет те салып үлгерді. Шәй үстінде біраз әңгіменің басы қайырылды. Менің есіл-дертім қара тонда. Әрнәрсені бір айтып отырғанда жас малдың еті де пісіп, ортаға әкелінді. Бұл уақытта күн де бесінге таянған еді. Апаларым тамақтан кейінгі шайды үйге барып ішейік десті. Сонымен қайтатын болдық. Бірақ әлі тон мәселесі айтылған жоқ. Тонға бір, анама бір қарап қоямын. Мен тағатсыздана күтудемін. Бата беріліп, сыртқа шықтық. Нағашымыз аттарды мама ағаштардан босатып, есіктің алдына алып келді. Үзеңгіге аяқ салар тұста шешем:

-Қабиржан, біз сенің тоныңды қалай келдік-деді. -Әпке-ау, тонды қаласаңыз алыңыз, жиеншардан немді аяйын-деді. Қуанып кеттім. Жеңгемізге үйден тонды алдырды. Судай жаңа тон үстіме қона кетті. Дұп-дұрыс болды.

-Тоның құтты болсын-деп нағашым арқамнан қағып жатыр.

Тонды олжалаған біз ауылға көңілді қайттық.

Үйге келгеннен кейін қысқы демалыс біткенше асықтым. Күніне бір мезгіл қара тонды киіп, қуанышымды баса алмай жүрдім.

Сол қара тонмен әсем қала Алматыда жастық шағымның керемет кездерін өткіздім.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ
2023 жылғы 17 қаңтар №163

Округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Округтік сайлау комиссияларының құрамы ұсынылып отырған қосымшаға сәйкес сайлансын. (Қосымша жалғасады).

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы Б.Байғараев

* * *

Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №163 шешіміне қосымша

Округтік сайлау комиссияларының құрамы:

№1 Молдағұлова сайлау округі бойынша

Орталығы –Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Ә.Молдағұлова көшесі, №59 ғимараты, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №689 Қарабұлақ, №690 Жеткеншек, №692 Молдағұлова сайлау учаскелерінің аумағы.

Калдыбеков Талгат Алишерович- Аудандық орталық аурухана басшысының орынбасары, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Даулетбаев Орынбасар Тілеуліұлы-зейнеткер, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Касымов Кенжебек Сейдахметович-Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Жиентай Біржан Сағынғалиұлы- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Керімбекова Несіпкүл- Зейнеткер, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№2 Теріскей сайлау округі бойынша

Орталығы - Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы 2 көшесі, №72 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №691 Теріскей сайлау учаскесінің аумағы.

Сағындықов Әуесханәлкенұлы- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Маханов Манас Алиевич–«Волковгеология» АҚ филиалының ГРЭ-7 өндірістік мекемесінің бұрғылаушы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Қондыбайұлы Нұрсұлтан – Түркістан облысы дене шынықтыру спорт басқармасының Созақ аудандық «№2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің нұсқаушы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Утебаева Айнур Нургалиевна- Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Аманбекова Гульнара Мтсбековна- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологі, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№3 Шолаққорған сайлау округі бойынша

Орталығы - Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Абылай хан көшесі, №3 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №693 Шолаққорған, №687 Абай сайлау учаскелерінің аумағы.

Тәңірбергенұлы Нұржан- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А-Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Кожабекова Айгуль Абилпаттаевна –Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Бөрібеков Бекжан - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Масабаева Нұргүл Аманжолқызы- кәсіпкер, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Алтыбаев Нуржан Ибадуллаевич- Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық-аумақтық орталығының» мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсететін бөлімше меңгерушісі, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№4 Мыңжылқы сайлау округі бойынша

Орталығы - Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5 ғимараты, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Мыңжылқы" мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: №694 Мыңжылқы сайлау учаскесінің аумағы.

Мәлікайдаров Серғали Өміртайұлы- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Аленов Бердияр Бақтиярұлы- Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің көші-қон жөніндегі инспекторы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Ақбердиев Жалгас Лесбекович - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің есепшісі, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Абдрахманова Гульжан Жанадиллаевна- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәлімгер, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі

Байменов Ерулан Асетиллаевич - Созақ ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің бас маманы, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№5 Наурыз сайлау округі бойынша

Орталығы- Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған елді мекені, С.Тоқпанбетов көшесі, №1А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №892 Наурыз, №723 Жыныс сайлау учаскелерінің аумағы.

Өтепов Жамбыл Ақынқожаұлы- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Прназаров Айдос Қайыпназарұлы-Аудандық «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дене шынықтыру маманы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Бақбергенов Әділ Бауыржанұлы – Аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің мұрағатшысы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Туленқызы Анар- Созақ ауданы әкімі аппаратының азаматтық қызметкері, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Жұмабай Жәудір Тұрғынбайқызы- «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің әдіскері , Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№6 Жартытөбе сайлау округі бойынша

Орталығы- Созақ ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Жартытөбе елді мекені, С.Сейфуллин көшесі, №72 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №688 Балдысу, №695 Жартытөбе, №696 Аққолтық, №697 Бабата сайлау учаскелерінің аумағы.

Жандарбеков Дархан Торегалиевич- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Әйкенов Жеткерген Сармантайұлы-зейнеткер, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Алшынбекұлы Мұрат - Зейнеткер, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Смагулов Газиз Оздикбаевич - Аудандық орталық кітапханалар жүйесінің Жартытөбе ауылдық кітапхасының кітапханашысы, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Әмзеұлы Досхан- Жартытөбе ауылдық емханасының фелдшері, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№7 Құмкент сайлау округі бойынша

Орталығы- Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент елді мекені, К.Берденұлы көшесі, нөмірсіз ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Сәтпаев атындағы мектеп гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №698 Құмкент, №699 Қызылкөл, №700 Қызылқанат, №724 Жыныс-1 сайлау учаскелерінің аумағы.

Кузенбаев Айбар Сабарбекович- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектеп гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, «AMANAT» париясы Созақ аудандық филиалы;

Сланова Перизат Есентаевна-Құмкент ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің операторы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Әйдіков Әбдімұхан Тілесұлы – Құмкент ауылдық ауруханасының қойма меңгерушісі, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Жусипов Елдос Бердикулович –Құмкент ауылдық мәдениет үйінің әдіскері, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Асқанбекова Айгүл Созақбайқызы- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№8 Сызған сайлау округі бойынша

Орталығы- Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған елді мекені, Мектеп көшесі, №9А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №701 Қозмолдақ, №702 Сызған, №703 Қайнар сайлау учаскелерінің аумағы.

Байс Сарыбай Құрманбекұлы - зейнеткер, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Қалмұрзаев Жонболат Мамырбекұлы-Сызған ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің бағдарламашы, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патритоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Тілекбай Ықылас Төлеубайұлы – Аудандық ветеринариялық қызмет МКҚК-ның мал дәрігері, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Нуртанов Мендигали Меирбекович- зейнеткер, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Алдасугиров Жомарт Ескерович- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

(Жалғасы 7-бетте).

(Соңы. Басы 6-бетте).

№9 Созақ сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, С.Матенбаев көшесі, №31А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Созақ жалпы орта мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №704 Созақ, №708 Тарса, №707 Ынтымақ сайлау учаскелерінің аумағы.

Танеев Бауыржан Тулембекович- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Созақ жалпы орта мектеп гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Атажиев Руслан Зафарович–«№1 Колледж» мемлекеттік коммуналық қазыналық кәсіпорны директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Имамова Оглай Эгамбердиқызы- жұмыссыз, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Абдураманов Нышантай Сейтмухамедұлы – Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы "№1 Колледж" МКҚК арнайы технология пәнінің мұғалімі, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Ермекбаев Жарас - Зейнеткер, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№10 Науайы сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Созақ ауылдық округі, Созақ елді мекені, Қ.Тоқмұхамедов көшесі, №3А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Науайы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №705 Науайы, №706 Көктөбе сайлау учаскелерінің аумағы.

Балтабаев Нурмухаммед Рысбаевич- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Науайы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Әзібаев Шерзат Шухратжанұлы-жұмыссыз, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Жұмадил Хамза Рамазанұлы - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Науайы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологі, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Мустафаев Саян Сарсенбаевич - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Суындық жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Жумабекова Гулшат Оралбековна- Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық-аумақтық орталығының» әлеуметтік қызметкері, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№11 Қарақұр сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр елді мекені, Үсенбай көшесі, №27 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қарақұр жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №709 Қарақұр, №710 Рең, №711 Шаға, №712 Бақырлы, №714 Саржаз сайлау учаскелерінің аумағы.

Мамытова Нургул Мустафаевна- Қарақұр дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Досыбаев Уалихан Әлиханұлы- Аудандық ветеринариялық қызмет МКҚК-ның мал дәрігері, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Алдакеев Жумадил Жанабекович - Зейнеткер, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Пирмаханов Нурбек Рымбекович - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Керимбаев Адил Амирбекович- Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Панфилов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімі, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№12 Жуантөбе сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Б.Достайұлы көшесі, №35 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №715 Жуантөбе, №716 Қоңыратарық, №717 Тасты, №718 Қылти, №719 Шу сайлау учаскелерінің аумағы.

Жанұзақов Сатыбалды Қуандықұлы- Зейнеткер, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Айтбайұлы Жеңісбай - зейнеткер, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Баянова Айдана Бақтыбайқызы – Жуантөбе ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі әкімінің хатшысы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Дастанов Рауан Тулеутаевич - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Ж.Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің шеберхана меңгерушісі, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Жандарбекова Меруерт Нурилдаевна- «Ақбота» бөбекжай балабақшасының әдіскері, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№13 Қыземшек сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Қыземшек кенті, 2-шағын ауданы, №1А ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №720 Қыземшек, №721 Тайқоңыр, №713 Ақсүмбе сайлау учаскелерінің аумағы.

Шаханов Талғат Жахангерұлы- «Казатомпром» Сауран ЖШС Қыземшек кенті филиалының инженері, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Ынтымақова Жазира Нагашбековна–Қыземшек кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің іс-жүргізуші, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Сыгалаев Жасулан Мухтарович–«Шолаққорғансу» КММ филиалының Қыземшек бөлімшесінің басшысы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Маханов Бахыт Камашович - "Волковгеология" АҚ филиалының бөлімше басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Бектай Ерлан Амангелдіұлы- «Сауран» ЖШС-нің «Мыңқұдық» цехінің бөлімше басшысы, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

№14 Таукент сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Таукент кенті, 1 ықшам ауданы, №52 ғимараты, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №722 Таукент сайлау учаскесінің аумағы.

Исатаева Мақбал Анарбаевна- «№1 Колледж» МКҚК-ның мұғалімі, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы;

Тубекбаева Нұргүл Шалтайқызы-Таукент гүлдері балабақшасы тәрбиешінің көмекшісі, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облысы бойынша филиалы;

Асекенова Меруерт Шаймерденқызы - Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы;

Баймұратова Ұлжан – Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық-аумақтық орталығының» әлеуметтік қызметкері, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі;

Жуматаев Даурен Жуматаевич- Таукент кенті аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы, Созақ ауданы «Нұрлы-Әлем» қоғамдық бірлестігі.

Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде

Жуантөбе ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауданға сыйлы азамат, ауылымызға демеуші де қамқоршы болған **Анас Тыныштықбайұлы** әкеміздің өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жадымыздан өшпек емес.

Жүректесің мәңгі біздің көңілде,
Жас тәусылды көзден біздің төгіле.
Жайлы болсын жатқан жерің әкешім,
Самғап жүрші жәннаттың төр көгінде, - деп, асыл әкеміз Анас Тыныштықбайұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 4 ақпан күні (3 ақпан – қонақ асы сағат 18:00-де) Жуантөбе ауылындағы өз шаңырағында сағат 11:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: жары, ұл-қыздары, бауырлары.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Абай атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің директоры Мырзабеков Бағдатқа анасы

Ұлтайдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Орман алқабын амандықта сақтайық!

Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және қыста болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан, қысты күндері аңшылыққа шыққанда от жағып жылынудан, ас әзірлеуден туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орманда з, атаралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Жазғы уақытта шыжыған күндері көптеген жеке азаматтар ыстықтап, ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуендеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған шаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғауәрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек.

Әлібек ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2022 жылғы Қаңтар-желтоқсан	2022 жылғы қаңтар-желтоқсан , 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанмен, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер[1)]		
Халық саны, адам (2022 жылғы 1 желтоқсанға)	63 014	99,2
Туылғандар, адам	1 510	89,7
Өлгендер, адам	256	70,5
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	1 235	84,6
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	2 129	100,2
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың III тоқсаны	18 043	102,3
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2022 жылдың III тоқсаны	384 396	128,1
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	61 214,7	111,7
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	5 869 250	102,8
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	672 506	100,8
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі,мың теңге	519 587 061	94,6
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	19 671,5	103,2
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	9 695,6	103,7
Іске қосылған тұрғын үйлер, м²	24 244	99,0
Қаржы жүйесі [2)]		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	196 277,5	138,4
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	164 955,3	123,3
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	120 899,1	128,4

[1)] *2022 жылғы қаңтар-қарашадағы деректер*
[2)] *2022 жылғы III-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша*

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

бірлік

	2022 жылғы 1 қаңтардағы
Барлығы	460
мемлекеттік	104
жеке	356
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8
шетелдік	-

Созақ АСБ

ШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 қаңтарға 4508 бірлікті құрады.

2022 жылғы 1 қаңтарға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы		оның ішінде					
		ШОК заңды тұлғалары[2)]		дара кәсіпкерлер[2)]		Шаруа (шаруа-ферме қожалықтары	
2022[1)]	2021	2022[1)]	2021	2022[1)]	2021	2022[1)]	2021
4 508	3 086	272	256	3 058	1 772	1 178	1 058

[1)] *Жедел деректер.*
[2)] *Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.*

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцеллез	Жіті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпасы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
32	14	-	241	2	3	22	2

*ҚР ҰЭМ ТҚК ОҚО ТҚКД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

бірлік

Тіркелген қылмыстар – барлығы	соның ішінде ауырлық саннатары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиянқылықтар
112	43	2	36	16	15

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corrutpere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлеке организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материялдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық процестерін жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азамттың міндеті, өскелең ұрпақ пен мелекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

Б.АБИШОВА,
«Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық халыққа қызмет көрсету бөлімі маманы.

Мұздағы қауіпсіздік ережелері

Қыс қаһарына мініп, судың беті тоңдана бастады. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген даналықты ұстана отырып, осы тоңның қыңыр тосын мінез танытуынан қорғану амалдарын сіздерге ұсынғалы отырмыз. Есіңізде жүрсін және туыстарыңызға, достарыңызға айтып бөлісіңіз!

Мұздың қаттылығын көзбен-ақ көріп байқауға болады: егер мұздың түсі көгілдір болса – берік, ақ болса – беріктігі 2 есе аз дегенді білдіреді. Ал егер мұздың түсі ақшыл сұр, күңгірттеу болса, бұл мұздың үстімен жүру тұрмақ, маңайына жоламағаныңыз абзалырақ. Мұз үстіне қас қарайған шақта және ауа-райы қолайсыз кезде (тұман, қар, жаңбыр) мүлдем шықпаңыз. Өзеннің арғы бетіне шықпақ ойыңыз болса, өткелмен өтіңіз. Бұл әлдеқайда қауіпсіз. Мұзды аяқпен теуіп, тексеруге болмайтынын ұмытпаңыз. Егер, бірінші тепкіден аз мөлшердегі су көрінсе немесе мұз бетінде аз-кем жарықшалар пайда болса, мұз жұқа және оның үстімен жүруге болмайды дегенді білдіреді. Бұл жағдайда міндетті түрде судың жағасына келген ізіңізбен кері қайтыңыз. Аяғыңызды иық тұсымен мұздан алмай, жеңіл адымдап жүріңіз, себебі, күш бір нүктеге түспеуі керек. Мұздан өтерде, осыған дейінгі салынған әдеттегі ізбен жүріңіз, егер бұндай із болмаса, айналаңызға мұқият қарап, жететін орныңызды жете біліп алыңыз. Топ болып, мұздан өтетін болсаңыздар, мұзға аса қатты салмақ түсірмеу үшін 5-6 метрдей болатын бір-біріңіздің арақашықтықтарыңызды сақтап жүріңіздер. Қатқан өзенді (көлді) шаңғымен өткен дұрыс. Есіңізде болсын: ақырын қозғалыңыз, шаңғының ілмегін білегіңізге ілмеңіз, себебі, қауіп туғанда қолыңыздан шеше алмай қалып жүресіз. Егер, сөмке асынсаңыз, тек бір жақ иығыңызға ғана асып жүріңіз. Бұл қауіп кезінде тастай салуға ыңғайлы болмақ. Бұл кезде өзіңізбен бірге 20-25 метрлік қатты арқан ала шығыңыз. Арқанның бір ұшына ауыр салмақтағы бір затты түйіншектеп байлап қойыңыз. Жаныңыздағы серігіңіз мұзға түсіп кеткен жағдайда, арқанның ауыр зат байлаған жағын серігіңізге қарай лақтырыңыз. Жапа шегуші арқаннан ұстап, ауыр затты қолтығына қысып тұрсын, сіз өзіңізге қарай ақырын тартыңыз. Қыстығыні 10 см қалыңдықтағы тұщы және 15 см қалыңдықтағы тұзды мұздың үстімен жүруге болады. Егер бұл көрсеткіштен жұқа болса, әсте жоламыңыз. Ата-аналарға үлкен ескерту: балаларыңызды мұзға (балық аулауға, шана не шаңғы тебуге) қараусыз жібермеңіз. Мұзға түсіп кетуге себеп болатын көп жағдай – алкогольді ішімдікті тұтынудан болады. Ондай жағдайда адам қауіптен қаша алмай қалып, қайғылы оқиға орын алуы мүмкін.

Ә.БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі бастығының м.у.а, азаматтық қорғау капитаны.

УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ҮГІТ НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ

Ауа-райының салқындауымен пештерді дұрыс пайдаланбау салдарынан жазатайым оқиғалар саны артып және адам қазасы орын алады. Көпшілік жағдайда тұрғындар жылыту құралдарын қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтай бермейді. Осыған орай Бәйдібек ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері жылыту кезеңінде адам өлімінің санын азайту мақсатында үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Әрбір тұрғын үйге қауіпсіздік қағидалары түсіндіріліп, «Улы газдан уланудан сақтанайық», «Тұрғын үйіңізді өрттен қорғаңыз», «Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздікті сақтаңыздар» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Газ құрылғысын қараусыз қалдырмаңыз, түнгі уақытта жылыту құралдарын қыздырғышта қалдырмаңыз. Төмен температурада түтін мұржалары жылымайды, түтін мұржаларында судың коденсациясы пайда болады. Соның салдарынан кірпіш қирап, бөренелердің бітелуі орын алады. Құрметті тұрғындар! Сіздің қатты отын жағатын пешке деген немқұрайлығыңыздан адам өміріне зақым келетінін ұмытпаңыздар. Өкінішті жағдайға тап болмау мақсатында жаңа жылыту маусымы келуімен пештеріңізге көңіл бөліп, реттеуіңізді сұраймыз.

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

Жарамсыз деп танылсын

Райымбаев Бегжан Ергешбайұлының иелігіндегі мемлекеттік нөмірі № 389 ALA 13, 1992 жылы шығарылған «Мерседес» маркілі автокөлігінің (кузовы-190) техникалық төлқұжаты мен мемлекеттік нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директордың міндетін уақытша атқарушы: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші- **Нұржамал МАЙУСОВА**
Тілшілер- **Данияр БЕКОВ, Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ, Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**
Дизайншы- **Асхан БАҚТЫБАЕВ**
Терінші- **Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: *161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97*
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - **3800 дана**
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.